# QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŊ KUBOGI

MLBB – Негізгі ережелер

2024 жыл

**1. Жалпы ережелер.**

1.1. Турнирден ұтып алынған жүлдені төлеу турнир аяқталғаннан кейін 60 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Нақты аяқталуы "QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŊ KUBOGI" турнирлер сериясының аяқталуы болып табылады.

*Кез-келген ұтыстарға (құны 5 АЕК-тен аспайтын тауардан басқа) салық салынады, сондықтан қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сіз 2024 жылы ҚР резиденттері үшін 10% - ды құрайтын ЖТС шегерілген мөлшердегі ұтыс аласыз.

1.2. Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар жеке басын куәландыратын құжаттардың және банк атауы көрсетілген дербес шоттың (Iban) фотосуреттерін/скан нұсқаларын ұсынуы керек. Жүлделі орынға ие болған ойыншылар қажетті деректерді бір папкада ұсынып, QCF өкілінің электрондық поштасына жіберуі керек. Егер жүлдені үшінші тұлғаға (16 жасқа толмаған ойыншылар үшін ата-аналары немесе нотариус куәландырған сенімхат негізінде) есептеу қажет болса, онда сол адамның құжаттарының скан нұсқаларын және қатысушыдан өтінішті ұсыну маңызды.

1.3. Турнирге Қазақстан Республикасының тұрғындары болып табылатын 16 жасқа толған жеке тұлғалар (ҚР азаматтары, тұруға ықтиярхаты бар ҚР тұрғындары) қатыса алады.

1.4. Турнир әкімшілігі осы турнирдің ережелеріне өз қалауы бойынша толықтырулар және өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

1.5. Ойыншыны ауыстыру. Негізгі құрамның 5 (бес) ойыншысын және қосалқы құрамның 1 (бір) ойыншысын тіркеуге рұқсат етіледі. Турнирдің келесі кезеңіне сәтті өту кезінде команданың құрамы өзгеріссіз қалуы керек. Турнир басталғаннан кейін ойыншыны ауыстыруды қосуға тыйым салынған.

1.6. Қатысушылар турнирдің барлық ережелерімен автоматты түрде келіседі. Ережеде көрсетілмеген жағдайларға қатысты кез келген дауларды турнир төрешілері өз қалауы бойынша шешетін болады.

1.7. Никнейм, аватарка мен тегтер қатаң түрде цензура шеңберінде болуы тиіс және құрамында қорлайтын, арандатушылық сөздер болмауы керек. Кері жағдайда командаға/ойыншыға турнирден шеттетілгенге дейін қарсы шаралар қолданылуы мүмкін.

1.8. Қорытынды шешімдерді төрешілер комиссиясы шығарады және ол шешімдерге Discord чатында шағымдануға болады. Төрешінің түпкілікті шешімі шағымдануға жатпайды.

1.9. Турнир барысында әкімшілік жаңалықтар мен бейнелерді жасаушы болып табылады. Турнирге қатысатын ойыншылар өздерінің логотипін, фотосуреттерін және ойыншылар туралы ақпаратты шолулар мен басқа контент жасау мақсатында пайдалану құқығын береді.

1.10. Матчтың басталуын 15 минуттан артық кешіктіргені үшін командаға матчта техникалық жеңіліс берілуі мүмкін.

1.11. Ресми бақылаушылардан басқа кез-келген бақылаушыларға тыйым салынады.

1.12. Барлық шағымдардың дәлелді негізі болуы шарт. Атап айтқанда, скриншоттарды пайдалану керек. Скриншоттарсыз шағымдар қабылданбайды.

1.13. Раундтардың бірінде жеңіске жеткеннен кейін, 5 минут ішінде, жеңімпаз ойыншы нәтижені Discord-қа турнир әкімшісіне жіберуі керек.

## 2. Турнир туралы ақпарат.

2.1. Турнир 3 кезеңге бөлінген - Онлайн біліктіліктер (1-кезең), Плей-офф кезеңі (2-кезең), ONLINE-финал (3-кезең).

2.1.1. № 1 кезең – онлайн біліктіліктер. Барлық кезең ішінде 2 бөлек біліктілік өткізілетін болады. Формат: Single Elimination, жүйе: Bo1, Bo3 біліктілік жартылай финалы. Іріктеу тәуелсіз біліктіліктерден тұрады. 2 (екі) біліктілік қорытындысы бойынша екінші кезеңге өтетін 4 мықты команда анықталады.

2.1.2. № 2 кезең – Плей-офф кезеңі. Онлайн біліктілік қорытындысы бойынша үздік 4 команда кездейсоқ үлестірілетін болады. Ойындар Bo3, Double Elimination форматында өтеді.

2.1.3. № 3 кезең - ONLINE-финал. Біліктілік финалының қорытындысы бойынша үздік 2 команда Bo5 форматында чемпион атағына таласады.

## 3. Қатысушылар.

3.1. Күдік туындаған жағдайда әрбір ойыншы төрешінің бірінші талап етуі бойынша турнир төрешілерінің қосымша тексерісінен өтуге міндетті. Турнир ұйымдастырушысы кез-келген уақытта ойыншыдан оның қатысу құқығын

дәлелдеуге кепілдік беретін құжаттарды ұсыну арқылы жасын, азаматтығын және т.б. растауды сұрай алады.

3.2. Қатысушылар Турнир ұйымдастырушыларымен қарым-қатынас кезінде құпиялылық режимін сақтауға міндетті. Атап айтқанда, Турнир ұйымдастырушыларына берілген немесе арыздарды, шағымдарды, наразылықтарды немесе өтініштерді беру және қарау шеңберінде олардан алынған барлық ақпарат құпия болып табылады және Турнир ұйымдастырушыларының рұқсатынсыз жарияланбайды.

3.3. Қатысушылар жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын ұстануға, Турнирдің ұйымдастырушылары мен төрешілеріне, көрермендерге, сондай-ақ Турнирдің басқа да қатысушыларына құрметпен қарауға міндетті.

3.4. Турнирге қатысушылар спорттық мінез-құлық және әділ ойын қағидаттарын сақтауға міндетті.

3.5. Әрбір қатысушы біздің Discord-арнамызға қосылуы шарт.

3.6. Турнирге қатысу үшін әр қатысушының: ойынның актуалды нұсқасы бар аккаунты болуы керек

3.7. Жеке тұлға Турнирге тек бір ойын аккаунтынан қатыса алады. Турнир басталғаннан кейін аккаунтты өзгертуге немесе өтінімде көрсетілгеннен өзгеше басқа аккаунттан ойнауға тыйым салынады. Ойыншыға Техникалық жеңіліс берілетін болады.
3.7.1. Ойыншыға playoff кезеңіне өткен кезде аккаунтын өзгертуге тыйым салынады.

3.8. Матчты бастау үшін Discord сервері арқылы қарсыласпен байланысу керек.

3.9. Турнирлік матч аяқталып, командалардың бірі жеңіске жеткеннен кейін, командалар нәтижені төрешіге/турнир ұйымдастырушысына хабарлауы тиіс.

3.10. Бір Bo1 матчына арналған ең ұзақ уақыт – 30 минут, Bo3 үшін – 90 минут.

3.11 Клантегтерде, ойын чатында, медиа-белсенділіктерде (матчтан кейінгі сұхбат, фотосессия және т.б.) қандай да бір жарнама жасауға тыйым салынады.

**4. Ойын баптаулары.**

4.1. Ойын Лоббиінің келесі баптаулары қолданылады: Пайдаланушы режимі - кейіпкерді таңдау.

4.2. Лоббиді құру кезектілігі, жақтардың түсі: тордан жоғары тұрған Команда Көк жақта орналасқан. Бірінші бан/pick құқығы Көк командада. Bo3/Bo5 матчтары жағдайында - әр ойыннан кейін жақтың түсі өзгереді.

4.3. Ойын лоббиі: тор бойынша жоғары тұрған Команда ойын Лоббиін өздігінен жасайды (пайдаланушы режимі/кейіпкерді таңдау).

4.3.1. Ойын аяқталғаннан кейін, 5 минут ішінде команда капитандары нәтижелерді матч парақшасындағы түсініктемелерде, кейіпкерлер pick-ін, кісі өлтіру санын, өлім санын, сондай-ақ кейіпкерлер тізімдемесіндегі алтын мен заттарды көрсететін ойынішілік статистиканы (Табуляция) қамтитын скриншотты ұсыну арқылы жариялауы керек.

## 5. Төрешілермен байланыс.

5.1. Қорытынды шешімдерді төрешілер комиссиясы шығарады және ол шешімдерге Discord чатында шағымдануға болады. Төрешінің түпкілікті шешімі шағымдануға жатпайды.

5.2. Байланыс. Барлық ұйымдастырушылық және даулы мәселелер Discord-та турнир төрешісімен хабарламалар алмасу арқылы шешіледі. Ойыншы матчтарды ұйымдастыру мен даулы жағдайлар бойынша өз бетінше байланыс жүргізеді. Жағдайды мүмкіндігінше тез шешу үшін мәселенің сипаттамасы мәселенің өзіне байланысты матчқа және/немесе ойыншыға сілтеме жасай отырып, бір хабарламада конструктивті түрде құрылуы керек.

## 6. Тыйым салынған әрекеттер мен санкциялар.

6.1. Ойыншы және/немесе команда төрешінің шешімі бойынша келесі әрекеттері үшін QCF-тен турнирлерге қатысудан шеттетілуі немесе бұғатталуы (Бан) мүмкін:

Дисквалификация:
- Спорттық емес мінез-құлық көрсету (мысалы, матчтарға саботаждық жасау).
- Бүкіл команданың матчқа келмеуі.

Төрешінің шешімі бойынша ойыннан шеттету:

- Турнир төрешісінің нұсқауларын орындаудан бас тарту.
- Ойыншыларға немесе төрешіге, егер олар ойыншының турнир ережелерін сақтауын талап етсе, қарсылық көрсету.
- Қарсыластардың тарапына қорлайтын немесе кез-келген нәсілшіл сөздерді қолдану.
- Төрешіні жаңылыстыру немесе алдау.

QCF турнирлеріне қатысуға тыйым салу – 1 жыл:

- ұлтаралық алауыздықты, саяси немесе діни негіздегі қақтығыстарды қоздыру, кемсітушілік және т.б.
- адамдардың психикалық немесе физикалық денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін ақпаратты насихаттау, соның ішінде өзін-өзі бұзатын немесе зиянды мінез-құлыққа арандатушылық, заңсыз әрекеттерге арандатушылық, қарақшылық контентті пайдалану, жыныстық немесе зорлық-зомбылық контентті тарату, сонымен қатар зорлық-зомбылыққа, экстремизмге және әлеуметтік әділетсіздікке шақыру.
- Артықшылыққа әділетсіз жолмен қол жеткізу үшін ойынішілік багтарды қасақана пайдалану

QCF турнирлеріне қатысуға тыйым салу – 2 жыл:

- Алдаудың кез-келген түрлерін қолдану.
- Артықшылықтарға әділетсіз жолмен қол жеткізу мақсатында бөгде бағдарламалық жасақтаманы пайдалану және ойын файлдарын ауыстыру
- бірнеше аккаунтты пайдалану немесе аккаунттарды үшінші тұлғаларға беру.

Бұзушылықтың ауырлығына байланысты әкімшілік жаза мерзімін ұзартуға немесе тіпті өмір бойына жаза тағайындауға құқылы.

**Ережелерге толықтырулар немесе өзгертулер енгізілуі мүмкін. Ережеде сипатталмаған барлық жағдайлар төрешінің қалауы бойынша түсіндіріледі.**

# QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŊ KUBOGI

MLBB – Основные правила

2024 год

**1. Общие положения.**

1.1. Выплата призовых с турнира производится в течение 60 рабочих дней после окончания турнира. Фактическим окончанием является завершение серии турниров «QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŊ KUBOGI».

*Любые выигрыши (кроме товара, стоимость которого не превышает 5 МРП) облагаются налогом, поэтому, согласно действующему законодательству, вы получите выигрыш за минусом ИПН, который в 2024 году составляет 10% для резидентов РК.

1.2. Участники, которые заняли призовые места, должны предоставить фотографии/сканы документов, удостоверяющих личность и лицевого счета с наименованием банка (Iban). Игроки, которые заняла призовое место должны предоставить необходимые данные в одной папке и отправить представителю QCF на электронную почту. В случае, если начисление призовых нужно осуществить на третье лицо (родители для игроков младше 16 лет или на основании доверенности, заверенной нотариусом) важно предоставить сканы данного лица и заявление от участника.

1.3. К участию в турнире допускаются физические лица, являющиеся жителями Республики Казахстан (граждане РК, жители РК, имеющие вид на жительство), достигшие 16-летнего возраста.

1.4. Администрация турнира сохраняет за собой право дополнять и изменять настоящие правила турнира по своему усмотрению.

1.5. Замены. Разрешается зарегистрировать 5 (пять) игроков основного состава, и 1 (одного) игрока - запасного. При успешном проходе в следующий этап турнира состав команды должен быть неизменным. Добавление замены после начала турнира - запрещены.

1.6. Участники автоматически соглашаются со всеми приведенными правилами турнира. Любые споры относительно ситуаций, не указанных в правилах, будут решены судьями турнира на их усмотрение.

1.7. Никнеймы, аватарки и теги должны быть строго в рамках цензуры и не содержать оскорбительных, провокационных слов. В противном случае против команды/игрока могут быть применены меры, вплоть до дисквалификации стурнира.

1.8. Итоговые решения выносятся судейской комиссией и могут быть обжалованы в чате Discord. Окончательное решение судьи обжалованию не подлежит.

1.9. Во время проведения турнира администрация является создателем новостей и видео. Игроки, которые участвуют в турнире, дают право использовать их логотип, фотографии и информацию об игроках для создания обзоров и прочего контента.

1.10. За задержку начала матча более чем на 15 минут команде может быть присуждено техническое поражение в матче.

1.11. Любые наблюдатели, кроме официальных, запрещены.

1.12. Все жалобы должны иметь доказательную базу. В частности, нужно использовать скриншоты. Жалобы без скриншотов не принимаются.

1.13. В течение 5 минут, после победы в одном из раундов, каждый выигравший игрок должен отправить результат в Discord – администратору турнира.

## 2. Информация о турнире.

2.1. Турнир разделен на 3 этапа - Онлайн квалификации (1-ый этап), Стадия плей-офф (2-й этап), ONLINE-финал (3-й этап).

2.1.1. Этап №1 – онлайн квалификации. На протяжении всего этапа будут проведены 2 отдельные квалификации. Формат: Single Elimination, система: Bo1, полуфинал квалификации Bo3. Отборочные состоят из независимых квалификаций. По итогам 2 (двух) квалификаций, определятся 4 сильнейшие команды, которые пройдут во второй этап.

2.1.2. Этап №2 – Стадия плей-офф. Лучшие 4 команды по итогам онлайн квалификаций будут посеяны случайным образом. Игры пройдут в формате Bo3, Double Elimination.

2.1.3. Этап №3 - ONLINE-финал. Лучшие 2 команды по итогам финала квалификаций сразятся за титул чемпиона в формате Bo5.

## 3. Участники.

3.1. В случае подозрения, каждый игрок, по первому требованию судьи обязан пройти дополнительную проверку судьями турнира. Турнирный организатор в любой момент может попросить подтвердить свой возраст, гражданство и т.п., путем предоставления документов, которые гарантировано докажут право на принятие участия.

3.2. Участники обязаны соблюдать режим конфиденциальности при общении с организаторами Турнира. В частности, вся информация, переданная организаторам Турнира или полученная от них в рамках подачи и рассмотрения заявлений, жалоб, протестов или обращений, является конфиденциальной и не может быть опубликована без разрешения организаторов Турнира.

3.3. Участники обязаны придерживаться общепринятых норм поведения, проявлять уважительное отношение к организаторам и судьям Турнира, зрителям, а также к другим участникам Турнира.

3.4. Участники Турнира обязаны соблюдать принципы спортивного поведения и честной игры.

3.5. Каждый участник должен присоединиться к нашему Discord-каналу.

3.6. Для участия в Турнире, каждый участник должен: иметь аккаунт с актуально версией игры

3.7. Физическое лицо может участвовать в Турнире только с одного игрового аккаунта. Менять аккаунт после начала турнира или играть с другого аккаунта, который отличается от указанного в заявке - запрещено. Игроку будет присуждено Техническое поражение.
3.7.1. Менять аккаунт при проходе игрока в стадию playoff - запрещено.

3.8. Для старта матча необходимо связаться со своим оппонентом через Discord сервер.

3.9. После завершения турнирного матча и победы одной из команд, команды должны сообщить результат судье/организатору турнира.

3.10. Максимальное время, предназначенное для одного матча Bo1 - 30 минут, для Bo3 – 90 минут.

3.11 Любое проявление рекламы в клантегах, игровом чате, медиа-активностях (послематчевое интервью, фотосессия и др.) запрещено.

## 4. Настройки игры.

4.1. Применяются следующие настройки игрового Лобби: Пользовательский режим - выбор героя.

4.2. Очередность создания лобби, цвет сторон: Команда, которая выше по сетке располагается на Синей стороне. Право первый бана/пика находится у Синей команды. В случае Bo3/Bo5 матчей - после каждой игры цвет стороны меняется.

4.3. Лобби игр: Команда, которая выше по сетке самостоятельно создаёт игровое Лобби (пользовательский режим/выбор героя).

4.3.1. После окончания игры, в течении 5 минут капитаны команд должны опубликовать результаты в комментариях на странице матча, путем предоставления скриншота экрана, включающий внутриигровую статистику, отображающую пик персонажей, количество убийств, количество смертей, а также количество золота и предметы в инвентаре персонажей (Табуляция).

## 5. Коммуникация с судьями.

5.1. Итоговые решения выносятся судейской комиссией и могут быть обжалованы в чате Discord. Окончательное решение судьи обжалованию не подлежит.

5.2. Коммуникация. Все организационные, а также спорные вопросы решаются в Discord с судьей турнира посредством сообщений. Игрок самостоятельно ведет коммуникацию по организации матчей и спорным ситуациям. Для максимально оперативного решения ситуации описание проблемы должно быть построено конструктивно, в одном сообщении, со ссылкой на матч и/или игрока, в зависимости от самой проблемы.

## 6. Запрещенные действия и санкции.

5.1. Игрок и/или команда могут по решению судьи получить дисквалификацию или блокировку на участие в турнирах от QCF (Бан) за следующие действия:

Дисквалификация:
• Неспортивное поведение (например, саботирование матчей).
• Неявка на матч всей команды.

Дисквалификация по решению судьи:
• Отказ следовать инструкциям судьи турнира.
• Возражение игрокам или судье, если они требуют соблюдение игроком правил турнира.

• Оскорбления в адрес противников или же любые расистские высказывания.
• Ввод в заблуждение или обман судьи.

Бан на участие в турнирах QCF – 1 год:
• разжигание межнациональной розни, конфликтов на политической или религиозной почве, дискриминация и т.п.
• пропаганда информации, которая может негативно влиять на психическое или физическое здоровье людей, включая подстрекательство к саморазрушительному или вредоносному поведению, подстрекательство к незаконной деятельности, использование пиратского контента, распространение сексуального или насильственного контента, а также призывы к насилию, экстремизму и социальной несправедливости.
• Намеренное использование внутриигровых багов для получения нечестного преимущества

Бан на участие в турнирах QCF – 2 года:
• Использование любых видов читов.
• Использование стороннего программного обеспечения и замена игровых файлов, для получения нечестного преимущества
• использование нескольких аккаунтов или передача аккаунтов третьим лицам.

В зависимости от серьезности нарушения администрация вправе увеличить срок наказания или даже назначить пожизненное наказание.

**Правила могут быть дополнены или же изменены. Все ситуации, не описанные в правилах, будут трактоваться на усмотрение судьи.**